

## Субсидияланатын тыңайтқыштар түрлерінің тізбесін және субсидиялардың шекті нормаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 7 шілдедегі № 204 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 21 шілдеде № 4483 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 28 сәуірдегі № 114 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 28.04.2017 № 114 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) .**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа ала отырып, "Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі №4-4/305 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі №166 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13761 болып тіркелген) сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Субсидияланатын тыңайтқыштар түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограмына, литріне) арналған субсидиялардың шекті нормалары бекітілсін.

2. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі, аудандар мен Орал қаласының әкімдері осы қаулыны іске асыру бойынша қажетті шараларды алсын.

3. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (М.К. Оңғарбеков) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары А.К. **Өтеғұловқа** жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*А.Көлгінов*

2016 жылғы 7 шілдедегі № 204

**Субсидияланатын тыңайтқыштар түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограммына, литріне) арналған субсидиялардың шекті нормалары**

№ р/с	Субсидияланатын тыңайтқыштар түрлерінің тізбесі	Өлшем бірлігі	Бір бірліктің құнын арзандату пайызы	Бір бірлікке арналған субсидия нормасы, теңге
<b>Отандық өндіріс тыңайтқыштары</b>				
1	Аммофос (N-10%; P <sub>2</sub> O <sub>5</sub> -46%)	тонна	50	62500
2	Аммиак селитрасы (N-34,4%)	тонна	50	34000
3	Күкіртқышқылды калий (калий сульфаты K <sub>2</sub> O-50%)	тонна	50	140000
4	Хлорлы калий (K <sub>2</sub> O-42%; KCl-65%)	тонна	50	105000
5	Супрефос-NS азот-күкіртқұрамды (N-12%. P <sub>2</sub> O <sub>5</sub> -24%) + (Ca; Mg; SO <sub>3</sub> )	тонна	50	64000
6	Суперфосфат (P- 19%)	тонна	50	32500
7	Жай суперфосфат (P-15%:K <sub>2</sub> O-2%)	тонна	50	21281
8	Kristalon Spezial 18-18-18	тонна	50	355500
9	Kristalon Yellow 13-40-13	тонна	50	398000
<b>Шетелдік өндіріс тыңайтқыштары</b>				
10	Карбамид (N-46,3%)	тонна	30	36000
11	Аммоний сульфаты (N-21%)	тонна	30	28500
12	А маркалы арнайы суда еритін моноаммонийфосфат (N-12%-P <sub>2</sub> O <sub>5</sub> -61%)	тонна	30	114000
13	15:15:15 маркалы азот-фосфор-калийлі тыңайтқыш	тонна	30	48000
14	НРК 16:16:16 маркалы нитроаммофоска	тонна	30	54000
15	10:26:26 маркалы азот-фосфор-калийлі тыңайтқыш	тонна	30	54000
16	Сұйық азотты тыңайтқыштар (КАС) (N-27-33%)	тонна	30	25500
17	Аммиак селитрасы (N-34,4%)	тонна	30	20400
18	Урага Вита Бортрак Моно сұйық	литр	30	462,6
19	Изагри-М, Форс Рост маркасы минералды тыңайтқышы	литр	30	525
20	Изагри-К, Форс питание марка минералды тыңайтқышы	литр	30	525
21	Изагри-К, Вита маркасы минералды тыңайтқышы	литр	30	540

22	Изагри-М, Бор маркасы минералды тыңайтқышы	литр	30	412,5
23	Изагри-К, Мыс маркасы минералды тыңайтқышы	литр	30	435
24	Изагри-К, Мырыш маркасы минералды тыңайтқышы	литр	30	322,5
25	Изагри-К, Фосфор маркасы минералды тыңайтқышы	литр	30	292,5
26	Изагри-К, Азот маркасы минералды тыңайтқышы	литр	30	292,5
27	Изагри-К, Калий маркасы минералды тыңайтқышы	литр	30	262,5

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

N - а з о т ;  
P - ф о с ф о р ;  
S - к ү к і р т ;  
K - к а л и й ;  
O - о т т е г і ;  
C l - х л о р ;  
M g - м а г н и й ;

Са-кальций.